

Нұр-Сұлтан қаласының кейбір денсаулық сақтау ұйымдарын қайта атау туралы

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі 42-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 17-бабының 7) тармақшасына, «Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 284 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11231 болып тіркелген) сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 2 қалалық балалар ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта аталсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жарғысы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде заңды тұлғаның әділет органдарында қайта тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.М. Мәкенге жүктелсін.

Әкім

Әкімнің орынбасары

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» ММ
Мемлекеттік-құқықтық бөлімі

Нұр-Сұлтан қаласы
әкімдігінің және әкімінің актілері үшін

А. Көлгінов

А. Әмрин

**Нұр-Сұлтан қаласы
әкімінің орынбасары**

Б. Мәкен

**«Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің
аппараты» мемлекеттік
мекемесі мемлекеттік-құқықтық
бөлімінің басшысы**

Ж. Шәукентаев

**«Нұр-Сұлтан қаласының
Қаржы басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің
басшысы**

Ә. Жұмаев

**«Нұр-Сұлтан қаласының
Стратегиялық және бюджеттік
жоспарлау басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің
басшысы**

К. Маңқараев

**«Нұр-Сұлтан қаласының
Активтер және мемлекеттік
сатып алу басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің
басшысы**

Е. Өтебаев

**«Нұр-Сұлтан қаласының
Қоғамдық денсаулық
сақтау басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің
басшысы**

С. Қисықова